

ӨОЖ 81.2

ГТАХР 16.21.55

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.010>

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАСЫ: ЛОГИКА-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

* Қоянбекова С.Б.¹, Нұрмұхаметова Қ.Т.²,
Джамамбетова А.У.³, Рахимкулова А.А.⁴

*^{1,2,4}Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, Қазақстан

³Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қазіргі қазақ тіліндегі экспрессивтік стилистиканың пәнаралық байланыстарын қамтитын лингвотеориялық мәселелерді синергетикалық бағытта зерделеу, нәтижесін лингвоқолданбалық парадигмалармен сабақтастыру қарастырылады.

Отандық және шетел ғалымдарының тіл біліміндегі еңбектеріне талдау жасау барысында қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасын логика-философиялық парадигмалар негізінде зерттеудің өзектілігі айқындалады. Зерттеудің құндылығы қазақ тілінің ұлттық дүниетаным мен көркем, эмоционалды-экспрессивтік мүмкіндіктерін логика-философиялық парадигмалар тұрғысынан анықтаудан тұрады. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасындағы қалыптасқан логика-философиялық парадигмаларды тереңнен қарастыру барысында әлемдік лингвистикадағы ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, талдау, салыстыру негізінде теориялық пайымдаулар ұсынылады.

Философия ғылымындағы адамзаттың тіл арқылы ойлау дүниетанымы, болмыс-бітімі анықталып, экспрессивтік стилистикалық құралдар арқылы сипатталады. Тілдің танымдық қызметі философия және логика ғылымдарының басты нысаны ретінде зерделенеді. Қазақ тілінің экспрессивтік құралдарының ұлттық ойлау жүйесіндегі когнитивтік мәдени ерекшеліктері айқындалып, табиғи тілді логикалық сараптау нәтижесінде арнайы формалдық тіл негізіндегі логикамен тілдің өзара байланысын танытуға мүмкіндік беретіні дәйектеледі. Мақаланың ғылыми маңыздылығында ұлт болмысындағы мазмұны кең тілдің логикалық, философиялық табиғатының теориялық маңыздылығы практикамен кіріктіріле дәлелденеді.

Қазақ тілі философиясы, тіл және ойлау, тіл мен сөйлеу, тілдің танымдық сипаты, ұлттық таным, діл, тіл мәдениеті ұштастырылып, логика-философиялық, психолингвистикалық, лингвостилистикалық, жүйелік-құрылымдық және ғылыми лингвистикалық парадигмалар тұжырымдалады. Заманауи зерттеулерге негіз болатын ұлт болмысының экспрессивтік-стилистикалық парадигмалары логика-философиялық сабақтастықта ұлттық танымның сөз мәдениетімен ықпалдасуы синергетикалық модельдеуде жүйеленеді. Ұлттық тілдің танымдық ақыл-ой

өрісін, даналық ойларын жеткізетін қазақ тілінің көркемдік ерекшеліктері бағамдалады. Қоғамдағы ұлттық әлеуметтік қарым-қатынасты сипаттайтын логикалық-философиялық тетіктердің когнитивтік тұрғыдан экспрессивтік стилистикалық құрылымдармен астасуы тұжырымдалады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, экспрессивтік стилистика, логика-философиялық парадигма, философиялық негіздер, синергетикалық модель, функционалды стилистика, эмоционалды-экспрессивтік сөйлеу, парадигма

Кіріспе

Қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасының логика-философиялық парадигмалармен синергетикалық кіріктірілуін тереңнен зерттеу маңызды болып табылады. Ғылыми мақаланың мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі экспрессивтік стилистиканың логика-философиялық негіздерін, танымдық тұғырын анықтау. Пәнаралық байланыстарды қамтитын синергетикалық бағыттағы еңбектерді зерттеу барысында интеграциялық ғылыми ізденістермен ортақ мәселелер қарастырылады. Сол себепті қазіргі лингвотеориялық еңбектердің мазмұнын жаңа зерттеулермен толықтыру, нәтижелерін қолданбалы лингвистика бағыттарымен сабақтастыру жан-жақты талдау қажет. Логика ғылымы дұрыс ойлау заңдылықтарын қарастыратындықтан, сөйлеу модельдері тілдегі әртүрлі формаларда көрініс табатын құрылымдық тұтастыққа негізделеді. Философиядағы адамзаттың қоршаған ортаға саналы әрекеті әлем туралы білім қорын, ұлттың өзіне тән мінез-кұлқын, жан дүниесін, экспрессивтік құралдар арқылы тығыз байланыста қарастыруды қажет етеді.

Ұлттық әдеби тілдің қалыптасып дамуы және өзіне тән төл шынайы табиғаты оның экспрессивтік стилистикалық сипатынан анықталатыны белгілі. Сондықтан қазіргі қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі жан-жақты дамып, алуан түрлі коммуникативтік қарым-қатынас қажеттіліктерін өтеуі тілдік бірліктердің экспрессивтік қасиет-сапалық ерекшеліктерімен кіріктіріле қарастырылуымен қатар, логика-философиялық негіздерін танытумен де анықталады.

Қазіргі таңдағы еліміздің тіл саясаты, оның ішінде мемлекеттік тіл мәселесінің басымдылық танытатын бағыттарының бірі – қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік қолданысын кеңейту, конституциялық мәртебесін арттыру болып табылады. Бұл тілдің белсенді қызметімен бірге мәдениеттану құралы ретінде тілдік ұжымның ой-сана әрекетінің нәтижесін көрсетуі, қоғамда жинақталған дүние — әмбебап білім қорын, әр ұлттың өзіне ғана икемделген мінез-кұлық, психологиясын танытады. Тілдің экспрессивтік стилистикалық жүйесін әлемдік таныммен етене байланыста зерттеу өзекті. Осыған орай, қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын лингвомәдени парадигмалар тұрғысынан қарастырсақ, танымдық теорияның тетіктерін инновациялық тұрғыдан сараптап, анықталған тың тұжырымдардың экспрессивтік мағынамен тікелей сабақтастырылатыны арнайы зерделенуі тиіс. Себебі ұлттың рухы тілдік құрылымдар мен олардың стильдік мәні,

мағыналары негізінде объективтенеді. Адам өмірінде тілдің ерекше маңызды орын алуының логикалық ойлауға негізделуі философиялық танымдардың парадигмаларына байланысты. Жалпы тіл адамзаттың өзара пікір алмасу, қарым-қатынас құралы ғана емес, танымдық ішкі жүйелері өте күрделі, сондай-ақ олар бір-бірімен тығыз байланысқан көпдеңгейлі құрылым. Экспрессивтік мағыналардың сөйлеу жағдаятындағы прагматикалық мағыналары тіл және ойлаудың ара қатынасы, өзіндік әрекеттесуі, бүкіл лингвистикалық, философиялық бағыттағы зерттеулерде мойындалып, барлық кезеңдерде әртүрлі қырынан зерделеніп келеді. Шын мәнінде экспрессивтік стилистиканың философиялық негіздерін жіті тану барысында тіл мен ойлаудың күрделі мәселесіндегі тағы бір арнасын анықтау, теориялық танымдарды синергетикалық модельдеуді қажет етеді. Тілдің тарихи категория ретінде даму барысында қоғамдағы ұлттық әлеуметтік қарым-қатынасты сипаттайтынын логикалық-философиялық парадигмаларда экспрессивтік стилистикалық құрылымдармен тығыз байланыста қарастыру маңызды.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасындағы қалыптасқан логика-философиялық парадигмаларды тереңнен қарастыру барысында әлемдік лингвистикадағы ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, талдау, салыстыру негізінде теориялық тұжырымдар ұсынылады. Аталған тақырып аясында ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, монографиялары, мақалалары қарастырылып, жүйелі түрде талдау жүргізілді. Зерттеу материалдары ретінде шетел ғалымдарынан Л. Вайсгербер, В. Гумбольдт, Э. Кассирер, Б. Уорф, орыс ғалымдарынан А.Д. Гетманова, В.З. Панфилов, қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, С. Аманжолов, Қ. Жұбанов еңбектеріндегі танымдық, логика-философиялық болжамдар басшылыққа алынды. Мақала мазмұнында сипаттама-синхрондық әдіс, сипаттамалы талдау, жинақтау, жүйелеу, модельдеу әдістері қолданылды. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасындағы логика-философиялық парадигмалар мазмұнында синергетиканы зерттеу жүйесінде тақырыпқа байланысты ғылыми әдістердің теориялық және эмпирикалық түрлері қолданыла отырып, мәселелер эмпирикалық әдіс тұрғысынан жинақтау, зерттеу, бақылау тәсілдері арқылы анықталды. Теориялық әдістің анализ, синтез, салыстыру тәсілдері негізінде ұқсас бөліктері бір арнаға тоғыстырылып, дәйектелді. Сипаттау және дәстүрлі салыстырмалы-синхронды талдау, жүйелеу әдістерімен қатар логика-философиялық парадигмалардың мағыналық, мазмұндық құрылымын анықтауға бағытталған макрокомпонентті талдау мен семантикалық-прагматикалық интерпретация әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасы тілдің философиясы, тіл және ойлау, сөйлеу, тіл танымы, бейнелі эмоцияға бай оралымдар, ұлттың танымы,

санасы, діл, көркемдік танымдағы тіл мәдениеті, ұлттың ақыл-ой өрісі, гендерлік болмысындағы тіл табиғаты мәселелерімен күрделі сабақтастықта өзектесетін, өзіндік ерекшелігі айрықша іргелі сала. Экспрессивтіліктің логика, философиялық парадигмаларын тереңінен зерттеу қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Логика және философия тіліміздегі қолданылатын құрылымдар мен сөйлеу әрекеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Логикалық санаттар, ойлау түрлері философиялық тұжырымдармен өрнектелетіні ғалым А. Байтұрсынұлының зерттеулерінен бастау алады. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасындағы А. Байтұрсынұлының логика-философиялық ойлары тіл білімі және әдебиеттану бағытындағы еңбектерінен көрінеді. Ғалым тілдің экспрессивтік құралдарын логика-философиялық тұрғыдан зерттеп, логикалық және экспрессивтік құрылымын талдаған. Ол тілдің құрылымдық, мағыналық жақтарын логика ғылымы талаптарына сай қарастырып, сөйлемдегі сөздердің орналасуын, байланысуын, қызметін, логикалық функцияларын анықтаған. Атап айтқанда: бастауыш пен баяндауыштың орналасуын ойдың нақты және әсерлі жеткізу тәсілі ретінде түсіндірген. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде лексемалардың көпмағыналылығы, экспрессивтік қызметін контекстке байланысты талдап, философиялық мағынасын көрсеткен. Эпитет, теңеу, метафораның қолданылуын «тағдыр өлшеуі», «өмірі», «әруақ» тәрізді дүниетанымды ұлттық тұрғыдан бейнелеп, тілдік концепттерді анықтаған. Оның ойын көркемдік бейнелейтін мысалдарда: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», мұнда тіл мәдениет пен болмысты сипаттап, метафора арқылы ұлттық сананың терең тамырын, ұлттық санадағы тағдыр мен рухты көрсетсе, «сөздер – жүрек дауысы» деген тіркесте адамның жан дүниесі мен ой-санасын философиялық бейнелеген [1, 124 б.].

Экспрессивтік құралдардың философиялық мәнін сараптауда зерттеуші Ж. Аймауытовтың логика-философиялық ойлары тіл білімі, әдебиеттану, психология саласындағы еңбектерінде тереңінен қарастырылған. Мұнда тілдің экспрессивтік құралдарын көркемдік әдіс ретінде және логика-философиялық категориялар арқылы түсіндірген. Ол тілдің адамның ойлау қабілетіне, сезіміне әсер ету мүмкіндігін көрсетіп, тілдегі экспрессивтік әлеуетті терең талдаған. Әсерлі ойды жеткізу мақсатында сөздердің логикалық байланысына назар аударып, бастауыш, баяндауыш және толықтауыштардың орналасуын логикалық тізбекпен дәйектеген. Мысалы, «Тәрбиеге жетекші» кітабында адам санасына тілдің ықпалын талдап, логикалық әдіспен экспрессияның реңктерінің күшеюін танытқан. Ал «Психология» атты зерттеуінде тіл арқылы адамның сезімін, жан дүниесін, көзқарасын жеткізуді қарастырған. Ол метафораны тек бейнелі сөз емес, сонымен қатар абстрактілі ойды нақтылаудың тәсілі ретінде бағамдаған. Мәселен, «білім кілті» және «өмір жолы» метафораларының философиялық мәнін сараптап, ұлттың дүниетанымы, салт-дәстүрі, мәдениеті бейнеленетініне тоқталған. Мақал-мәтелдердің, тұрақты тіркестердің логика-философиялық мағынасын ашып, «Туған жердей жер болмас» және

«Жеті қырлы, бір сырлы» тіркестерінің экспрессивтік қызметін ашса, ал «жүрегінің түгі бар», «қол ұшын созу» тіркестерінде прагматикалық мәнін талдаған [2, 516.].

Ғалым Қ. Жұбановтың тіл білімі, әдебиеттану саласындағы еңбектерінде қазақ тілі экспрессивтік стилистикасындағы логика-философиялық ойлары ұлттық болмыс пен ойлау жүйесін бейнелеудегі орны айқындалған. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінде сөйлемдердің логикалық тізбектелуінде гипербола, метафора, эпитеттердің философиялық мәнін талдап, сөздердің орын тәртібін, грамматикалық құрылымын өзара байланысын нақтылаған. Ол антонимдер арқылы тілдегі қарама-қайшылықтарды, метафора және логикада ойдың күшеюін, тіл философиясы мен ұлттық санада прагматикалық қызметті талдап, сөздердің бейнелеуіш қызметінің тетіктерін ашқан. Қ. Жұбановтың еңбектерінде қазақ тіл біліміндегі экспрессивтік стилистиканың теориялық негіздері қалыптастырылып, прагматика-философиялық аспектілері зерттелген. Мысалы, «Тіл – адам жанының рухани жарығы», «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» нақыл сөзде абстрактілі ұғымдардағы ойдың көпқабаттылығын философиямен ұштастырып қарастырған [3, 98 б.].

Зерттеуші С. Аманжоловтың қазақ тілі экспрессивтік стилистикасындағы логика-философиялық ойларында қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктері, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі және олардың экспрессивтік қызметі бейнеленген. Ол абстрактілі ұғымдарды нақтылауды ұлттық санамен байланыстырып, тіл философиясының маңызын қарастырған. Мысалы, «жүрекпен қабылдау» және «Жүрекпен ұқпаған, жүйрікпен жетпеген» тіркестерінде логикалық тізбекпен күшейткіш элементтердің көркем образ жасаудағы үйлесімі логика-философиялық парадигмалардағы терең идеяларды көрсетеді [4, 103 б.]. Зерттеушілер қазақ тіліндегі экспрессивтік құралдарды ұлттық дүниетаным және логикалық ойлаудың сипаттарын философия ғылымымен сабақтастырған.

Қазақ тіліндегі экспрессивтіліктің логика-философиялық парадигмалар бойынша талдануы лингвист-ғалымдар М. Балақаев, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Н. Уәли және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Мұнда тілдегі экспрессивтілік құбылысы шешендік сөз өнерімен, ұлттық дүниетанымдағы логикалық ойлау жүйесімен ұштастырыла зерделенген. Мысалы, академик Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті» зерттеуінде экспрессивтілік сипаттар философиялық мән, мазмұн, эмоциямен байланысты қарастырады. Мәселен, «өнер алды – қызыл тіл» дегенде тілдің эстетикалық, көркемдік сипатымен қатар, логикалық және әлеуметтік мағынасы да айқындалған [5, 126 б.]. Мұнда экспрессивтіліктің мағыналық қызметімен бірге ұлттық ойлау жүйесінің философиялық таныммен сабақтастырылғаны байқалады. Ғалым Н. Уәли экспрессивтілікті логикалық тұтастық тұрғысынан талдай отырып, экспрессивтіліктің эмоциямен және логикалық құрылыммен ықпалдасатынын көрсетеді [6, 85 б.]. Бұл сөйлемдерде мазмұн, құрылым және мағына өзара үйлесім табады. Мәселен, зерттеуші экспрессивтілікті

логикалық нормалармен байланысты қарастыру барысында прагматикалық мақсаттың риторикалық тәсілге ұласатынын дәлелдейді. Мысалы, «Күн шайдай ашық кезде, жаңбыр жаумайды», «Күн жауса, шайдай ашық болмайтынына» тоқталып, экспрессивтілік тек эмоция арқылы көрінбейтінін, сондай-ақ, логикалық нормалармен тығыз байланысты күрделі тілдік құбылыс ретінде таниды.

Қазақ тіліндегі тілдік бірліктердің стилистикалық функциясы, сипаты, орны жеке авторлық контекст негізінде сарапталғанымен, логика-философиялық қырларын синергетикалық бағытта зерттеу басымдылық танытпаған. Осыған орай, экспрессивтік стилистиканың логика-философиялық парадигмаларындағы синергетика мәселелерінің зерттелуі, стилистикалық заңдылықтардың экспрессивтік тетіктерін интеграциялық тұрғыдан әлі де кеңінен зерттелуі қажет.

Тіл мен ойлаудың ұштасуы, олардың өзара әрекеттесуі, экспрессивтік қызметі әлемдік лингвистикада философиялық бағытпен ұштастырылып, синергетикалық жүйеде салыстырмалы қарастырылып келеді. Сонымен қатар, стилистиканың философиялық негіздеріндегі сабақтастықтың сипаты, пәнаралық байланыстағы синергетикалық зерттеулердің өзектілігіндегі құнарлы ой-өрісті, шешендік сөздерді салыстырмалы түрде зерттеуді қажет етеді. Зерттеулердегі философиялық тұжырымдар ғалымдар еңбектерінің зерттеу нысанына айналып, шешендік сөздегі дүниетаным, пайымдаулар, тұжырымдар синергетикалық бағытта анықталған.

Негізінде, стилистиканың философиялық қырларын тану тіл мен ойлау мәселесінде тағы бір арнасын жүйелеу, лингвостилистиканың теориялық мәселесі ретінде анықтаудың негізі адамзаттың дүниетанымындағы тілдің түп мәнімен ұштастырылады. Қоғам мәдениетінің мәртебесін айқындау қазіргі қазақ тілінің ұлттық тіл мәртебесін баянды етуге ұласады. Мәдениет ұғымы мағынасының өте ауқымдылығы – әлеуметтік қоғамдағы материалдық және рухани құндылықтардың жүйесі. Жалпы мәдениет дегеніміз – адамның ойлау функциясындағы жемісін көрсетеді. Осылайша, ойлау үрдісі мәдениетпен тікелей тәуелділік байланысты құрайды. Қалай болғанда да ойлау жүйесі тілмен кіріктірілетіндіктен, тіл және ойлаудың, таным мен тілдің, тіл және мәдениеттің ұштаса әрекеттесуі интеграциялық анықтау қажеттілігін танытады. Бұл байланыстардың жүйеленуі, түптеп келгенде, әлеуметтанудың, философияның, этнографияның, тіл білімінің ортақ мәселесін тоғыстырып, синергетикалық моделін құрайды.

Зерттеулерге сүйенсек, тіл және ойлаудың тікелей қарым-қатынасы туралы алғаш рет лингвист В. Гумбольдтың тұжырымдарында айтылған, онда тіл тек адамзаттың қарым-қатынас құралы болуымен қатар, дерексіз ойлауда аса маңызды белгі екендігі нақты көрсетілген. Ақыл мен ой – рухани әрекет қана емес, тереңнен тыныстанатын дыбыстық тілмен сезім арқылы қабылданатын құбылыс [7, 95 б.]. Осы орайда, тіл мен ойлаудың әрекеттесуі біртұтас ажырамас бірлікте танылады. Зерттеушінің пайымдауларында адамзаттың іштей ойлауы, эмоциялық қабілеті экспрессивтік сипат алып, тіл – ойлауды ұйымдастыратын процесс екенін дәлелдейді.

Тіл ойлауға тікелей ықпал етіп, адамзаттың психикалық сөйлеу әрекетін білдіреді. Осы тұрғыдан қарастырсақ, тіл ойдың танымдық сипаттарын, бағыттары мен мазмұнын анықтайтын күшке ие болады. Алайда сөйлеу негізінде тіл субъективтік қабылдау және елестету құбылыстарын анықтайды. Кез келген жеке тұлғаны тілден бөлек, ерекше қасиеті зор дүниетаным иесі ретінде қабылдау қажет. Сөз сыртқы құбылыстың қарапайым таңбасы болып танылмайды, сол заттың адам айналасындағы сипатталған бейнесі болып саналады. Сондықтан ақпаратты қабылдаушының барлық қабылданатын шынайы затқа субъективті араласатыны белгілі.

Дерексіз, жинақталатын ойлауды тіл іске асырып, қарым-қатынас құралы ретінде анықтайды. Мұндай қызметтер тілдің құрылымындағы ішкі дамуына бірінші кезекте әсер етеді.

Әрбір жеке тұлғаның ойын жеткізуінде сыртқы құбылыстың нақты сипаты емес, соған араласқан сөйлеушінің ішкі таным мүмкіндіктерінің қабылдануындағы бейнелер қолданылатынын осылайша танытқан В. Гумбольдтің тұжырымдары лингвостилистиканың негізгі заңдылықтарында ескерілуі қажет [7, 74 б.]. Ойлаудың табиғатын танытатын маңызды фактор — В. Гумбольдтің қағидаларын, адам танымы, әрекетінің көріністерін тілдегі берілуін көрсететін жолдар неогумбольдтиандықтардың бағытта сабақтастырып келеді. Еуропалық және американдық бағыттардың қалыптасуының дербес жолдары орныққан. Үндістер тілінің лексика-грамматикалық өзгеше құбылыстарын зерттеу арқылы америкалық лингвисттер Ф. Боас, Э. Сепир, Б. Уорф тіл және ойлаудың байланысы туралы тіл біліміндегі ойларды кеңейтіп, дамытты. Атап айтқанда, болмыспен бірге сыртқа шығарылатын сөйлеу туындысы дүниетанымдағы интеграциялық күшке ие болып, синергетикалық модельді құрайды. Адамзаттың санасы ойлау мен қиялдау үрдісіне бағытталып, экспрессивтік сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты құрап, адам ойының ерекше түрі — тілдік ойлауды қалыптастырады деп тұжырымдаймыз.

Тіл, мәдениет, ойлау арасындағы байланысты алғаш ғылыми тұрғыда қарастырған лингвист Ф. Боастың пікірінше, тілдердің жалпы фонетикалық жүйесі ғана анықталып қоймай, тілдің дыбысталуында байқалатын идеялар өзгешелігі әуезділік тұрғыдан да айырмашылықтардың жиі кездесетіндігін көрсетеді [8, 79 б.]. Құрылымдық лингвистиканы зерттеген ғалым Б. Уорф тұжырымдарын талдасақ, ол ұлттық ойлау мен ұлттық сөйлеудің қарым-қатынасын тану арқылы ғана жалпы адамзаттық логикалық категориялар танылуы мүмкін деген салыстырмалы болжамдарды ұсынады. [8, 536.]. Б. Уорф теориясы жалпы адам ойлауындағы көптеген мәселелердің шешімін тауып бере алатынын байқатады. Атап айтқанда, ғалымның пайымдауларына сүйенсек, ойлаудың ұлттық жүйесіне ерекше мән беріліп, коммуникативтік қарым-қатынасты терең зерттеу негізінде жалпы логикалық категориялардың анықталуын және синергетикалық мәселелер негізінде экспрессивтіліктің үнемі қолданылуы мүмкін екенін түсінеміз.

Әрбір тіл дүниені танудың ерекше моделі, тіл – тек қатынас құралы емес, рухани күш, тілді үйрену арқылы адам басқа дүниетаныммен

танысады. Қағиданы қалыптастырушы ғалым Л. Вайсгербер «Тіл және философия» еңбегінде, заттар және құбылыстар адам қабылдауына жол бергенімен, басты мәселе – бұлардың санада қалыптасуының қаншалықты орын алғандығын көрсетеді. Тілдің әсері осы арқылы ғана айқындалады. Демек, тілдің танымдық, яғни когнитивтік сипаттары танылады [9, 72 б.].

Негізінен, тілді ойлаудың жүзеге асырылу құралы ретіндегі қызметін еуропалық неогумбольдтиандықтар шындық және ойлаудың, сондай-ақ сананың ортасындағы аралықтағы әлем деп таниды. Л. Вайсгербер, Э. Кассирер өзінің философиялық негіздемелерінде орнықтырған символикалық формалар философиясын басшылыққа алатыны нақты көрінеді. Э. Кассирер адам руханиятының салаларын зерттеп, «символдық форма» философиясын дамытты. Оның талдауында, тілдердегі және мифтердегі, сонымен қатар өнердегі баршамызға танымал символикалық белгілер нақты бір ұғымдарды анықтау негізінде жасалынбаған, керісінше, сол символикалық таңбалардың өзі оларда нақты бір мағынаны иелену себебіне қатысты пайда болған [10, 88 б.]. Аталған таңбалық сипаттардың мазмұны түгелімен таңбалаушының функциясында жойылып кетуі мүмкін. Дербестіктердегі жалпылықтарды анықтау үшін сана қызмет етеді. Осыған орай, санада мағыналардың кешенін топтастыратын нақты ойлау мазмұны құрылады.

Жалпы тіл білімі және семиотиканың тоғысуындағы бағыттың экзистенциалдық герменевтикамен интеграцияланатыны көбірек айқындалады. Сонымен қатар, семантика және лингвистикалық философияда зерттелетін ортақ мәселеде тіл адамға берілетін шынайы құбылысты анықтайтын тұжырымды дәйектейді. Алайда неопозитивизм бағытын ұстанатын өкілдердің пікірлері де тілтанудағы ойлары осы бағытпен үндес. Неопозитивистердің тұжырымдарында тілдегі философиялық проблемалар тілді түсінбеуден және дұрыс пайдаланбаудан туындайды. Неопозитивистер адамзаттың білімін де шынайы тілдік мәселе ретінде қарастырады.

Ғалым Л. Витгенштейн тұжырымдарында логика, тіл философиясы, ойлау мен мағына мәселелерін терең зерттеп, «Әлем – жалпы менің әлемім» деген көзқарасы тілмен ұштастырылып, негізгі идея ретінде танылады [11, 82 б.]. Ғалым тілдің санадағы шындық болмысты белгілі бір деңгейде сәулендіретінін айтқанымен, шындап келгенде, бұл үрдістің керісінше орын алуы туралы лингвофилософиялық тезис қалыптастырады.

Тілді зерттеу грамматикамен ғана шектелмей, контекстпен, қолданылу жағдайымен, мәдениетпен тығыз байланысты болуы керектігіне ерекше назар аударған зерттеуші Д. Хаймс, тіл – мәдени және әлеуметтік тәжірибе қағидасын негізге алған. Стилистика ғылымының философиялық қайнар көздері лингвофилософиядан туындайтынын басты нысанда ұстанған Д. Хаймс өз еңбегінде тілдің түрлі сипаттарының алғышарттарын әлеуметтік факторлармен байланыстырады [12, 95 б.].

Тілдің логикалық танылуының негізгі мақсаты — ойдың құралып, сыртқа шығарылымда жүзеге асырылатынын анықтау. Нәтижесінде тілдегі сөздер мен сөз тіркестері шындық болмыстағы заттарды таңбалауға қызмет

етеді. Тілдің басты тетіктері ойдың бөлшектеп танылуы, Абайша айтқанда: «тұтасты қырыққа бөліп танумен» үндесетіні стилистиканың логикалық негізін тануға мүмкіндік береді.

Тілдің таным құралы ретіндегі қызметі логика және философия ғылымдарының басты нысаны екенін дәлелдейді. Осы тұрғыдан табиғи тілді қарастыратын болсақ, таңбалар жүйесін құрайды. Тілді таңбалар жүйесі деп қарастырсақ, тілдің стилистикалық қызметі негізгі орынды иеленеді. Себебі адам өз ойын әртүрлі білдіруде тілдік таңбаларды құбылта қолдану арқылы айтатын ойын түрлендіріп отырады.

Тілдік таңбалардың стилистикалық мүмкіншіліктерін жіктесек: *семантикалық, синтаксистік, прагматикалық* аспектілерден тұрады.

Семантикалық аспекті тұрғысынан тану барысында тілдік таңбалардың тілден тыс болмысқа қатынасы анықталады. Демек, тілдік таңбалардың таңбаланып тұрған нәрселерге қатынасын талдасақ, мысалы: «Астана» — белгілі бір қаланың атауын білдіреді, «Тобыл» — өзеннің атын білдіреді, «қысқа» — нысанның белгілі бір күйі мен сапасын танытады. Синтаксистік аспектіде тілдік таңбалардың өзара ұштасуы экспрессивтік қолданыстардың сан түрлілігін көрсете алады. Прагматикалық аспект тілді кімнің, қандай жағдайларда қолдануына байланысты ерекшеліктеріне назар аудартады. Тіліміздегі бірыңғай элементтерден тұратын бірізді құрылымдар құбылмалы интонация арқылы сыртқа шығарылу барысында әртүрлі мағыналар мен реңктерді иеленеді. Бұл ерекшеліктер тілді логика-философиялық талдауда оның стилистикалық мүмкіншіліктерін айқын көрсетеді.

Зерттеуге арқау болып отырған мәселеде қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасының өзге ғылымдармен интеграциялануы өзектілік танытуда. Бұл бағыттағы ғылыми-теориялық зерттеулер ғылымдардың дамуындағы жаңа гуманитарлық парадигманың қалыптасуына ықпал етіп отыр. Сондықтан қазақ тілі экспрессивтік стилистикасы тілдік құралдарды сараптаумен ғана шектелмейді, сондай-ақ тілдің логикалық, философиялық, когнитивтік негіздерін дәйектеуді қажет етеді. Себебі қазіргі тіл ғылымында жүйелілік және өзара ықпалдастықтарға бағытталған парадигмалар тіл жүйесіндегі динамикалық дамуымен сабақтастырылуға.

Ұлттық төл этникаға бейімделген құндылықтар, лингвомәдени танымдық мүдделер, отансүйгіштік сезімнен басталатын ұлттық тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық діл мақсат-мұраттарын сипаттайтын ұлттық кодтың қазіргі жаһандану кезеңіндегі өзектілігі бұрынғыдан да кеңейіп, тың парадигмалар тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, ұлттық тіліміздегі құнарлы ойларға негізделген құнарлы сөз оралымдары, даналық-шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, қазақ халқының рухани генезисін, тілін, ділін, тарихи жадына бейімделген тұтас болмысын танытатын ұлттық кодтың тылсым қырларын ашып, түсіндіру – өркениеттер тоғысындағы мәдени-тілдік зерттеулердің басым бағыттарының бірі [13, 118 б.]. Тілдің құрылымдық заңдылықтары логикалық модельдерде анықталса, философиялық парадигмалар оның дүниетанымдық сипатын

көрсетеді. Мұны синергетикалық модель тұрғысынан қарастырсақ, қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының икемделуге бейімділігін дәлелдейді. Мысалы: “Кеше бала, бүгін дана”, “Көк аспан күркіреп, үнсіз шегіне жетті”, “Туған жердей жер, туған елдей ел болмас” дегенде диалектикалық қарама-қайшылықтар негізінде сөз әсері күшейтілді.

Логика-философиялық парадигмалардың экспрессивтік стилистикада консолидациялануы түрлі тілдік деңгейлердің, атап айтқанда, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік сабақтаса үйлесуінен байқалады. Мысалы: “Қазақ тілі – байтақ дала дауысы” тұрақты тіркесімен, “Бірлік болмаса, тірлік болмайды”, “Ер азамат ел үшін туады, ел ер азамат үшін өледі” мақалдардың тарихи танымдық экспрессивтік мәндері синергетикалық модель арқылы ықпалдасып, дамып отырады.

Философиялық парадигмалар, синергетикалық модель, логикалық модельдер ұғымдары логика, философия және тіл ғылымдарында маңызды. Өйткені қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының логикалық-философиялық моделі тілдің экспрессивтік құралдары негізінде адам ойлауындағы логикалық құрылымды философиялық тұрғыдан пайымдайды. Яғни, адамның ойлауы және әлемді тануына бағытталған концепті білдіреді. Мысалы, «Жалғыз ағаш орман емес» деген мақалдың мағынасында бірнеше философиялық идеялар қамтылады. Атап айтқанда, «жалғыздық» мағынасы кеңінен түсіндіріліп, «бірігу» мақсатын көрсетеді. Қазақ тілінде адам өмірін, ішкі дүниесін, әлеуметтік көзқарастарын қамтитын мәселелер логикалық және философиялық құрылымда жеткізіліп, нақты синергетикалық модельдер құрайды.

Қорытынды

Зерттеу барысында анықталғандай, қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасындағы тілдік құралдардың қолданысы күрделі, көпқырлы болғандықтан, логика-философиялық парадигмалар интеграциялық үрдістер арқылы жүйелі түсіндірілді. Мақалада тілдің экспрессивтік құралдары логика-философиялық категориялар негізінде талданып, ұлттық болмысты сақтаудағы орны анықталды. Ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тілінің экспрессивтік стилистикалық құралдары логикалық және философиялық негізде зерттелді. Өйткені тіл және ойлау, тіл мен болмыстың өзара жіті байланысын анықтауда экспрессия рухани мәдениеттің сипатын көрсетеді. Бұл мәселе болашақта қазақ тіл білімін жаңа қырынан қарастырып, лингвофилософиялық және когнитивтік лингвистикамен сабақтастықта қарастыруды қажет етеді. Мақалада қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының теориялық базасын синергетикалық байланыста дамыту қарастырылып, лингвистика, логика және философия тоғысуындағы құндылықтар айқындалды. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын логика-философиялық тұрғыдан зерттеу қоғамдық коммуникация салаларында яғни медиа, әдебиет, жарнама және т.б. ұлттық тіліміздің экспрессивтік ресурстарының пайдалану мүмкіндіктерін арттырады. Тілдің теориялық мәселелерінің өзге ғылымдармен пәнаралық

интеграциялануы синергетикалық парадигмалардың қолданыс аясын кеңейтуге септігін тигізеді.

Қазақ тілі лингвостилистикасының логика-философиялық парадигмаларын зерттеу ұлттық тілді дамытуда әрқашан өзекті және тереңнен зерттеуді қажет етеді. Жаһандану кезеңінде әлемдік деңгейде ұлттық тілдерді белсенді қолдану маңызды. Сондықтан, Президент Қ. Тоқаевтың қазақ тілінің әлем төрінен орын алуы қажет деген тұжырымына орай, ұлттық тілімізді жаңа парадигмада тыңнан зерттеу ғалымдарға үлкен міндеттер жүктейді. Мақалада талданған лингвотеориялық және практикалық мәселелер болашақ зерттеулерде жаңа қырынан ашылатын бағыттарға үлес қосып, қазақ тілінің әлеуетін кеңейтуді көздейді. Мақала мазмұнындағы талдаулар ұлттық тілдің дамуын, халықаралық деңгейде мойындалып танылуын, сондай-ақ цифрландыру бейімділігіне ықпал етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРН АР 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал Алматы, «Сардар» баспасы, 2009. – 332 б.
- [2] Айтмауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 208 б.
- [3] Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 388 б.
- [4] Аманжолов С. Тіл және әдебиет туралы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.
- [5] Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
- [6] Уәли Н. Сөз мәдениетінің негіздері. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2007. – 45 б.
- [7] Гумбольдт В. Сущность, развитие и функционирование языка. – Москва, 1987. №3 – 65 с.
- [8] Сепир Э., Уорф Б., Боас Ф. // В сб.: Язык и мышление. – Москва: Прогресс, 1983. – 182 с.
- [9] Вайсгербер Л. Родной язык и картина мира // В сб.: Язык и картина мира. – Москва: Прогресс, 1993. – 654 с.
- [10] Кассирер Э. Философия символических форм. Т.2: Мифологическое мышление. – Москва: Академический проект, 2004. – 528 с.
- [11] Витгенштейн Л. Философские исследования. – М.: Гнозис, 1994. – 288 с.

[12] Хаймс Д. Этнография речи // В сб.: Язык и модель мира. – М.: Прогресс, 1983. – 285 б.

[13] Коянбекова С. Б. Сатинбекова М.М. және т.б. Экспрессивтік стилистика: қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық кодтағы лингвомәдени парадигмалары // Абылай хан атындағы ҚазХКжәнеӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары». – 2024. – №3 (74). – Б. 135-153. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.008>

REFERENCES

[1] Baitursynuly A. Til – Qural [The Language Tool]. – Almaty: Sardar Publishing, 2009. – 332 b. [in Kaz.]

[2] Aitmautov Zh. Psikhologiya [Psychology]. – Almaty: Rayan, 1995. – 208 b. [in Kaz.]

[3] Zhubanov K. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh Language]. Almaty: Gylym, 1966. – 388 b. [in Kaz.]

[4] Amanzholov S. Til zhəne ədebiet turaly [On Language and Literature]. – Almaty: Gylym, 1985. – 272 b. [in Kaz.]

[5] Syzdyk R. Səz kúdireti [The Power of the Word]. – Almaty: Sanat, 1997. – 224 b. [in Kaz.]

[6] Uali N. Səz mədenietinin negizderi [Theoretical foundations of speech culture]. – Almaty: Sozdik-Slovar, 2007. – 45 b. [in Kaz.]

[7] Humboldt W. Sushchnost', razvitie i funktsionirovanie yazyka [The Essence, Development and Functioning of Language], №. 3. – Moscow, 1987. – 65 s. [in Rus.]

[8] Sapir E., Whorf B., & Boas F. In Yazyk i myshlenie [Language and Thought]. – Moscow: Progress, 1983. – 182 s. [in Rus.]

[9] Weisgerber L. Rodnoy yazyk i kartina mira [Native Language and Worldview]. In Yazyk i kartina mira. – Moscow: Progress, 1993. – 654 s. [in Rus.]

[10] Cassirer E. Filosofiya simvolicheskikh form. T. 2: Mifologicheskoe myshlenie [The Philosophy of Symbolic Forms. Vol. 2: Mythical Thinking]. – Moscow: Akademicheskii Proekt, 2004. – 528 s. [in Rus.]

[11] Wittgenstein L. Filosofskie issledovaniya [Philosophical Investigations]. – Moscow: Gnosis, 1994. – 288 s. [in Rus.]

[12] Hymes D. Etnografiya rechi [The Ethnography of Speaking]. In Yazyk i model' mira [Language and the Model of the World]. – Moscow: Progress, 1983. – 285 s. [in Rus.]

[13] Koyanbekova S. B., Satinbekova M. M., et al. Ekspressivtik stilistika: qazaq tilindegi frazeologizmderdin ultiyk kodtary lingvomadeni paradigmalary [Expressive stylistics: Linguocultural paradigms of phraseological units in the Kazakh language within the national code] // Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Philological

**ЭКСПРЕССИВНАЯ СТИЛИСТИКА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА:
АКТУАЛЬНОСТЬ ИССЛЕДОВАНИЯ
ЛОГИКО-ФИЛОСОФСКИХ ПАРАДИГМ**

*Қоянбекова С.Б.¹, Нұрмұхаметова Қ.Т.², Джамамбетова А.У.³,
Рахимкулова А.А.⁴

^{*1,2,4} Казахский национальный исследовательский
технический университет им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

³ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Аннотация. В научной статье рассматриваются лингвотeorетические аспекты экспрессивной стилистики современного казахского языка в междисциплинарной связи с философией и логикой, с опорой на синергетический подход и применение лингвоприкладных парадигм. В результате анализа трудов отечественных и зарубежных ученых в области языкознания обосновывается актуальность исследования экспрессивной стилистики казахского языка на основе логико-философских парадигм.

Ценность исследования заключается в выявлении национального мировоззрения, художественно-эмоционального и экспрессивного потенциала казахского языка через призму логико-философских подходов. Путём глубокого анализа сложившихся логико-философских парадигм в экспрессивной стилистике казахского языка осуществляется обзор и сопоставление с мировыми лингвистическими исследованиями, предлагаются теоретические выводы.

В философской науке язык рассматривается как средство выражения мышления, мировоззрения и человеческой сущности, что находит отражение в экспрессивно-стилистических средствах. Познавательная функция языка исследуется как один из центральных объектов философии и логики. Выявлены когнитивно-культурные особенности национального мышления, обусловленные экспрессивными средствами казахского языка, и обоснована возможность выявления связи между языком и формальной логикой посредством логического анализа естественного языка.

Научная значимость статьи заключается в теоретическом обосновании логико-философской природы языка как носителя широкого национального содержания и в интеграции этих положений с практикой. Философия казахского языка, взаимосвязь языка и мышления, языка и речи, когнитивные характеристики языка, национальное сознание, менталитет, языковая культура — всё это представлено в логико-философских, психолингвистических, лингвостилистических, системно-структурных и научно-лингвистических парадигмах.

Экспрессивно-стилистические парадигмы, отражающие сущность национального сознания, систематизируются в синергетической модели, демонстрирующей интеграцию национального мировоззрения и культуры речи в логико-философском контексте. Рассматриваются художественно-стилистические особенности казахского языка как средства выражения ментальной и философской глубины национального сознания. Обоснована когнитивная взаимосвязь логико-философских механизмов и экспрессивно-стилистических структур, характеризующих социально-национальные коммуникации.

Ключевые слова: казахский язык, экспрессивная стилистика, логико-философская парадигма, философские основы, синергетическая модель, функциональная стилистика, эмоционально-экспрессивная речь, парадигма

EXPRESSIVE STYLE OF THE KAZAKH LANGUAGE: RELEVANCE OF THE STUDY OF LOGIC AND PHILOSOPHICAL PARADIGMS

* Koyanbekova S. B.¹, Nurmukhametova K. T.²,
Jamambetova A. U.³, Rakimkulova A. A.⁴

^{*1,2,4} K.I. Satbayev Kazakh National Technical University», Almaty, Kazakhstan

³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This scientific article explores the interdisciplinary connections of expressive stylistics in contemporary Kazakh language through a synergistic approach to linguo-theoretical issues, correlating the findings with applied linguistic paradigms. The analysis of works by both domestic and foreign scholars in linguistics reveals the relevance of studying the expressive stylistics of the Kazakh language within logical and philosophical paradigms.

The value of the research lies in identifying the national worldview and the artistic, emotional-expressive potential of the Kazakh language from the perspective of logical and philosophical paradigms. By thoroughly examining the established logical-philosophical paradigms in Kazakh expressive stylistics, the study reviews and compares global linguistic research, offering theoretical reflections.

Philosophical science identifies the human worldview and cognitive nature through language, which is described via expressive stylistic tools. The cognitive function of language is studied as a core subject of philosophy and logic. The cognitive-cultural features of national thinking are identified through the expressive tools of the Kazakh language, and it is substantiated that analyzing natural language through logical examination reveals the interrelation between formal logic and language.

The article's scientific significance lies in theoretically substantiating the logical and philosophical nature of a rich and meaningful national language and integrating it with practical insights. The philosophy of the Kazakh language, the relationship between language and thought, language and speech, cognitive properties of language, national mentality, and linguistic culture are combined

and conceptualized through logical-philosophical, psycholinguistic, stylistic, systemic-structural, and scientific-linguistic paradigms.

The expressive-stylistic paradigms of national identity, which form the basis of modern research, are systematized within a synergistic model that integrates national cognition with linguistic culture in a logical-philosophical continuum. The article evaluates the artistic features of the Kazakh language that convey the intellectual and philosophical worldview of the nation. It also concludes the interaction between logical-philosophical mechanisms and expressive stylistic structures from a cognitive perspective in the context of national social communication.

Keywords: Kazakh language, expressive stylistics, logical-philosophical paradigm, philosophical foundations, synergetic model, functional stylistics, emotional-expressive speech, paradigm

Мақала түсті: 23 қаңтар 2025

Авторлар туралы мәлімет:

Қоянбекова Сара Бариевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

Нұрмұхаметова Қарлығаш Тұрғанбековна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: aakk_66@mail.ru,

Джамамбетова Алия Уалиевна – педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: aliya-2691@mail.ru

Рахимкулова Айнұр Айтжановна – аға оқытушы, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: rakimkulova.ainur@gmail.com

Информация об авторах:

Қоянбекова Сара Бариевна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

Нұрмұхаметова Карлығаш Турганбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, e-mail: aakk_66@mail.ru,

Джамамбетова Алия Уалиевна – магистр педагогических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: aliya-2691@mail.ru

Рахимкулова Айнұр Айтжановна – старший преподаватель, Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, e-mail: rakimkulova.ainur@gmail.com

Information about the authors:

Koyanbekova Sara Barievna – Doctor of Philological Sciences, Professor, K.I. Satbayev Kazakh National Technical University», Almaty, Kazakhstan, e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

Nurmukhametova Karlygash Turganbekovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K.I. Satbayev Kazakh National Technical University», Almaty, Kazakhstan, e-mail: aakk_66@mail.ru,

Jamambetova Aliya Ualievna – Master of Pedagogical Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: aliya-2691@mail.ru

Rakimkulova Ainur Aitzhanovna – Senior Lecturer, K.I. Satbayev Kazakh National Technical University», Almaty, Kazakhstan, e-mail: rakimkulova.ainur@gmail.com